

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апталық тақырып: «Көліктер»

Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсініктер айту, олардың түрлерімен таныстыру арқылы өздерін қоршаған орталары туралы ұғымдар беру, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 31.01.2022	Сейсенбі 01.02.2022	Сәрсенбі 02.02.2022	Бейсенбі 03.02.2022	Жұма 04.02.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл –күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелеу.				
Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тіртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кеңес беру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)	<p>Дидактикалық ойын: №1</p> <p>Тақырыбы: «Затты сақта»</p> <p>Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікке бейімделуге, ептілікке үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: №2</p> <p>Тақырыбы: «Кішкене құс және балапандары»</p> <p>Мақсаты: Балаларды шашыраңқы жүгіруге, дыбыстық белгіден кейін әрекет етуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: №6</p> <p>Тақырыбы: «Менің көңілді добым»</p> <p>Мақсаты : балаларды екі аяқпен секіруге, айтылған сөздерді зейін салып тыңдап соғы сөз айтылған да, ғана жүгіруге дағдыландыру.</p>	<p>Дидактикалық ойын: №15</p> <p>Тақырыбы: «Сылдырмаққа дейін еңбекте»</p> <p>Мақсаты : Балаларды еңбектеуге үйрету. Кедергіден ұстамай өтуге, ептілікке, тепе-теңдікке сақтауға үйрету. Тапсырманы түсінік. Орындауға қалыптастыру.</p>	<p>Дидактикалық ойын: №22</p> <p>Тақырыбы: «Қақпаға дәлде»</p> <p>Мақсаты : Дпты белгілі бағытқа дәл домалатуға үйрету. Қолдың ұсақ мускуляциясын дамыту.</p>
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығу кешені №6				
Таңғы ас	Тамақты төкпей, ұқыпты ішуге үйрету. Үстел басында дұрыс отыруға, жанындағы балаларға кедергі болмауды ескерту. Тамақтанып болған соң «алғыс» айтуға үйрету.				